

"Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 15 маусымдағы № 489 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 19 шілдеде № 13946 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2020 жылғы 3 маусымдағы № 11-1-4/184 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Сыртқы істер министрінің 03.06.2020 № 11-1-4/184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Инвестициялар комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрлік міндеттін атқарушы

Е. Хаиров

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрлік  
міндеттін атқарушының  
2016 жылғы 15 маусымдағы № 489  
бүйрығымен бекітілген

## "Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

### 1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Отінімді қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз жүзінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлік міндеттін атқарушының 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1265 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13039 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхат беру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан

Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхат.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз жүзінде.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті беруші құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша рәсімді

(іс-қимылды) бастау үшін негіз Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 301 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13685 болып тіркелген) бекітілген "Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхат беру" (бұдан әрі – өтініш) Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы бейзезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхат беру үшін өтінімнің болуы болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындау ұзақтығы:

1) Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдағаны туралы өтінімді тіркеу, қолхатты беру – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті беруші басшысы өтінімді қарауға беру – 1 (бір) сағат ;

3) басшысының қарар жазуы және жауапты құрылымдық бөлімшені айқындау – 2 (екі) сағат;

4) құрылымдық бөлімше басшысының қарар жазуы және жауапты орындаушыны айқындау – 2 (екі) сағат;

5) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жауапты орындаушының қарауы және құрылымдық бөлімшениң басшысына келісуге енгізуі – өтінім жауапты орындаушыға түскен сәттен бастап 9 (тоғыз) жұмыс күні;

6) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін құрылымдық бөлімше басшысымен келісу – 2 (екі) сағат;

7) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне көрсетілетін қызметті беруші басшысының қол қоюы – 2 (екі) сағат;

8) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің кеңессіне жіберу – 1 (бір) сағат;

9) мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қолма-қол немесе пошта бойынша жіберу – 1 (бір) сағат.

6. Келесі рәсімдерді (іс-қимылдарды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсетеу бойынша рәсімдердің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) өтінімді көрсетілетін қызметті берушінің кеңесіндегі қабылдау және тіркеу оларды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына беру;

2) құрылымдық бөлімшенің басшысына қарастыру үшін көрсетілетін қызметті беруші басшысының және (немесе) оның орынбасарының қарары;

3) жауапты орындаушыға қарастыру үшін құрылымдық бөлімше басшысының қарары;

4) жауапты орындаушының өтінімді және тіркелген құжаттарды қарауы;

5) жауапты орындаушының қызметті көрсетеу нәтижесін ресімдеуі және оны құрылымдық бөлімше басшысына келісуге беруі;

6) мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесіне көрсетілетін қызметті беруші басшысының қол қоюы;

7) көрсетілетін қызметті алушыға Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхат беру немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты беру.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсетеу процесінде көрсетілетін қызметті беруші құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызметті көрсетеу процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті беруші құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі.

1) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

2) өтінімді қарауға жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы;

3) жауапты орындаушы;

4) кеңсе қызметкері.

8. Әрбір рәсімнің ұзактығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті беруші құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) бірізділігінің (іс-қимылдың) сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтінімді қабылдайды, тіркейді және Стандартқа 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдағаны туралы қолхатты береді – 15 (он бес) минут;

2) тіркегеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінімді өндейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді – 1 (бір) сағат;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы өтінімді қарайды және оны құрылымдық бөлімшениң басшысына жібереді – 2 (екі) сағат;

4) құрылымдық бөлімшениң басшысы жауапты орындаушыны айқындауды және құжаттарды қарастыруға жібереді – 2 (екі) сағат;

5) жауапты орындаушы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін құрылымдық бөлімшениң басшысына келісуге дайындауды және енгізеді – өтінім түсken сәттен бастап 9 (тоғыз) жұмыс күні ішінде;

6) құрылымдық бөлімшениң басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін келіседі және оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға береді – 2 (екі) сағат;

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қояды және оны жауапты орындаушыға береді – 2 (екі) сағат;

8) жауапты орындаушы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызмет берушінің кеңесіне жібереді – 1 (бір) сағат;


9) көрсетілетін қызметті алушының кеңсе қызметкері мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға қолма-қол немесе пошта арқылы береді – 1 (бір) сағат.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті беруші құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимылдарының бірізділігін толық сипаттау, сондай-ақ өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін және мемлекеттік қызметті көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау осы Регламентке қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы көрсетілетін қызметті берушінің "электрондық үкімет" веб-порталында, интернет-ресурсында орналастырылады.

"Қазақстан Республикасының  
бейрезиденті болып  
табылатын және Қазақстан  
Республикасының аумағында  
инвестициялық қызметті жүзеге асыратын  
тұлғалар үшін  
инвесторлық визаны алуға өтінішхат беру  
" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет регламентіне  
қосымша

**"Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және  
Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті  
жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға  
етінішхат беру" мемлекеттік қызметті көрсету  
бизнес-процестерінің анықтамалығы**



- көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлерінің) рәсімінің (іс-қимылдың) атауы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) көшу;



- мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖК РМК